<p>Пән студенттердің сақтандырудың теориялық негіздерін, сақтандыру қызметінің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру практикасын, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құжаттар мен актілерді зерделеуді көздейді. Сақтандырудың әртүрлі түрлерінің ерекшеліктерін және сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы мәселелерін ескере отырып, сақтандыру ісін ұйымдастыру негіздеріне ерекше назар аударылады.</p>			<p>1) оқылатын салада озық білімге негізделген білім мен түсінікті көрсету: сақтандыруды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен өзіндік ерекшеліктері, сақтандыру қорғаудың нарықтық экономикаға барабар түрлері, тәуекелдерді төмендетудің тиімді құралы ретінде сақтандыру мүмкіндіктері, ҚР-да</p>				

сақтандырудың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары, сақтандыру ісін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі;

2) кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтер тұжырымдауға және сақтандыру саласындағы проблемаларды шешуге: ҚР сақтандырудың заңнамалық негіздері, сақтандыру компаниясының арнайы ұйым ретіндегі қызметін реттейтін негізгі пруденциалдық нормативтер, сақтандыру тарифтерін құрудың негізгі қағидаттары, сақтандыру шартының негізгі бөлімдері, міндетті сақтандыру түрлері;

3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға: сақтандыруды тәуекелдерді төмендетудің тиімді құралы ретінде пайдалануға, ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру бағдарламасын негізді таңдауға, сақтандырудың салалары мен сыныптарын ажыратуға, қайта сақтандыруда сақтандыру тәуекелдерін беру кезінде өзінің ұстап қалу мөлшерін айқындау;

4) сақтандыру саласындағы оқу-практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға: ерікті және міндетті сақтандыру шарттарын жасасуға, ерікті сақтандырудың негізгі сыныптары бойынша сақтандыру тарифтерін есептеуге, міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын айқындауға, мүліктік сақтандыру бойынша залалдың мөлшерін бағалау;

5) сақтандыру саласында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: сақтандыру қызметінің қаржылық негіздерін бағалау әдістемелерін меңгеру және сақтандыру ұйымдарының

			<p>қаржылық және инвестициялық қызметінің тиімділігін бағалауға талдау жүргізу, алған білімдерін қаржылық талдаудың әртүрлі әдістерін пайдалану негізінде сақтандыру саласындағы проблемаларды шешу үшін қолдану;</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды сақтандыру саласында қолдану;</p> <p>7) сақтандыру саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдануға, Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын бірнеше жыл ішінде дамыту жөніндегі статистикалық және ақпараттық материалдарды талдауды жүзеге асыру;</p> <p>8) курстық, рефераттық жұмыстарды, баяндамаларды, эсселерді, практика бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.</p>				
БП	ENE 3223	Еңбек нарығының экономикасы	6	5	Экономикалық теория, Мик-ро-Макро-экономика, Маркетинг, Қаржы	Экономикалық талдау, Бизнесі бағалау, экономика және инновацияларды басқару	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Еңбек қатынастары нарығын, еңбек әлеуетін қалыптастыру және пайдалану шарттарын, жұмыс істеу заңдылықтары мен реттеу тетіктерін, қоғамның жұмысындағы еңбектің рөлін, еңбек қатынастары мен еңбек нарығының құрылымын, еңбек қатынастарына			1. Еңбек экономикасының мәнін жұмыс күшін қалпына келтіру және қызметкердің өндіріс құралдарымен және еңбек заттарымен өзара іс-қимылы				

байланысты халықтың құрылымын, еңбек факторлары мен экономикалық өсу резервтерін зерттейді.

процестері болатын динамикалық қоғамдық ұйымдастырылған жүйе ретінде білу және түсіну; еңбек экономикасының мәселелері және тиімді еңбек экономикасын қалыптастыру жолдары, еңбек ресурстарын қалыптастырудың шетелдік және өңірлік тәжірибесі, еңбек және жұмыспен қамту нарығын реттеу, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қорғау мәселелерін білу және түсіну; осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

2. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде еңбек экономикасының терминологиясын қолдану, халықтың жұмыспен қамтылуына, жұмыссыздығына, еңбек көші-қонына, еңбек нарығындағы жұмыс күшінің микро және макроэкономикалық деңгейлердегі сұранысы мен ұсынысына байланысты жағдайларды талдау үшін статистикалық деректерді пайдалану, микро және макродеңгейлерде еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі мемлекеттік іс-шараларға баға беру, ақпараттық технологияларды, ақпаратты басқару дағдыларын меңгеру, кәсіби қызметтегі мақсаттар мен міндеттерді анықтау, өзгермелі жағдайларда қойылған міндеттерді шешу; білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру;

3. Кәсіби және ғылыми мәселелер бойынша өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы пайымдауларды қалыптастыру, эмпирикалық және статистикалық деректерді жинау, талдау және өңдей алу; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4. оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді

шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану: еңбек нарығы экономикасы саласында: жұмыссыздықты қысқартудың ең оңтайлы нұсқаларын жүйелендіре және жүзеге асыра білу, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың оңтайлы арақатынасын анықтау, еңбек нарығына тән проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну, аймақтағы және елдегі еңбек нарығының қазіргі тенденцияларын анықтау;

5. оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: уақытты басқара білу, топта жұмыс істеу, жазбалар жүргізу, аудитория алдында сөйлеу, жазбаша жұмыстарды орындау және емтиханға дайындалу, кәсіби қарым-қатынастың стандартты емес проблемалық жағдайларында тез әрекет ете білу, нормативтік-заңнамалық базамен, экономикалық әдебиеттермен жұмыс істеу, презентациялар дайындау;

6. кәсіптік практикадан өту кезінде, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу кезінде, есептілікті жасау кезінде этикалық қағидаттарды қолдануды ескере отырып, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білуге және оларды еңбек нарығының экономикасы саласында, оның ішінде мемлекеттік тілде және шет тілінде қолдануға міндетті;

7. еңбек нарығының экономикасы саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;

8. курстық, рефераттық жұмыстарды, баяндамаларды, эсселерді, тәжірибе бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және

			жазу кезінде академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің мәнін түсіну.				
БП	OSE3224	Өндірістік сфераның экономикасы	6	5	Экономикалық теория, Микромакроэкономика, Менеджмент	Жылжымайтын мүлік нарығының экономикасы, Логистика, Аймақтық экономика және басқару	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Пән студенттерде нарықтық экономика жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорынның жұмыс істеуінің экономикалық механизмін зерттеу негізінде экономикалық ойлауды дамытады. Өнеркәсіптік кәсіпорынның экономикалық объект ретіндегі мәнін, оның Ұлттық экономика жүйесіндегі орны мен рөлін зерттейді. Өнеркәсіптік кәсіпорынның ресурстық базасын және оны пайдалану тиімділігін қарастырады.</p>			<p>1. осы саладағы алдыңғы қатарлы білімге негізделген зерттелетін салада білім мен түсіністікті көрсету: кәсіпорынның өндірістік ресурстарын қалыптастыру тәсілдерін білу және түсіну, өндірістік бағдарламаны және шаруашылық жүргізудің қаржылық нәтижелерін қалыптастыру, кәсіпорынның тиімділігін арттыру жолдары, салалық мамандандыруды ескере отырып, нарықтық экономика жағдайында өндірістік саладағы экономикалық қызмет сұрақтары бойынша білім және экономикалық талдау жүргізу дағдылары – өндірістік сектор салаларының жұмыс істеуі;</p> <p>2. білімді және түсінуді кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу: өндірістік сала экономикасына әртүрлі факторлардың әсерін анықтайтын процестерді жүйелеу және модельдеу кезінде, кәсіпорынның</p>				

қаржылық нәтижелерін жақсарту үшін өндірістік ресурстарды пайдалануды оңтайландыру, танымның заманауи ғылыми әдістерін қолдану, ақпараттық технологияларды, ақпаратты басқару дағдыларын игеру;

3. әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру: өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы кәсіби және ғылыми мәселелер бойынша пайымдаулар қалыптастыру, эмпирикалық және статистикалық деректерді жинай, талдай және өңдей білу;

4. оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану: сыртқы және ішкі ортаны, сондай-ақ кәсіпорындардың ерекшеліктерін (күшті және әлсіз жақтарын) талдауды негізге ала отырып, кәсіпорынның даму қаупі мен перспективаларын бағалау бойынша туындайтын мүмкіндіктерді айқындау үшін өндірістік саланың экономикасы саласында;

5. оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: уақытты басқара білу, топта жұмыс істеу, жазбалар жүргізу, аудитория алдында сөйлеу, жазбаша жұмыстарды орындау және емтихандарға дайындалу, кәсіби қарым-қатынастың стандартты емес проблемалық жағдайларында тез әрекет ете білу, нормативтік-құқықтық базамен жұмыс істеу, презентациялар дайындай білу;

6. ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану;

7. фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және

			<p>олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді: салалық мамандануды ескере отырып, нарықтық экономика жағдайында өндірістік саладағы экономикалық нәтижелілік мәселелерін зерделеу кезінде, сондай-ақ өндірістік сектор салаларының жұмыс істеуіне экономикалық талдау жүргізу кезінде білу мен түсінуді қолдану;</p> <p>8. академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің мәнін түсінуге, оларды барлық жұмыс түрлерін орындау кезінде сақтауға міндетті.</p>				
БП	BUP 3225	Бизнесті ұйымдастыру және кәсіпкерлік	5	6	Экономикалық теория, Микро-макрэкономика, Менеджмент, Маркетинг	Логистика жылжымайтын мүлік нарығының экономикасы, Бизнесті бағалау, кәсіпкерліктегі тәуекелдер-жаңалықтар	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру негіздері туралы жүйелі білімді қалыптастырады, кәсіпкерлік қызметті жүргізуде ұйымдастырушылық-басқару дағдыларын дамытады, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жауапкершілігі туралы білімді қалыптастырады. Сондай-ақ білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық процестерді талдауға, сипаттауға және түсіндіруге байланысты кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған бакалаврдың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.</p>			<p>1) осы саладағы озық білімге негізделген бизнес пен кәсіпкерлікті ұйымдастыру қағидаттарын білу мен түсінуді көрсету;</p> <p>2) кәсіби деңгейде бизнесті ұйымдастыру негіздерін білу мен түсінуді қолдану, аргументтерді тұжырымдау және проблемаларды шешу: бизнестің</p>				

			<p>ұйымдық-құқықтық нысандарын құрумен байланысты;</p> <p>3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып пайымдауларды қалыптастыру үшін бизнесті ұйымдастырудың ерекшеліктері, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға;</p> <p>4) оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану: бизнес-серіктестік саласында;</p> <p>5) білім алуды одан әрі өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: кәсіпкерлік және бизнес негіздеріне;</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды қолдану: бизнес саласында мәмілелер жасасу, бизнес-жоспарлау кезінде;</p> <p>7) фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану: бизнес-жоспар құру кезінде;</p> <p>8) академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің мәнін түсіну: емтихан тапсыру және оқытылатын пән бойынша бизнес-жоспар дайындау кезінде.</p>				
БП	ВК 3226	Баға қалыптастыру	5	6	Экономикалық теория, Микро-макрэкономика, Маркетинг.	Логистика, Бизнесі бағалау, салалық нарықтарды талдау, халықаралық сауда	Емтихан

Пәннің қысқаша сипаттамасы	Күтілетін нәтижелер
<p>Пән баға белгілеу механизмі, баға саясатын анықтау және кәсіпорынды дамытудың баға стратегиясы мәселелерінде қажетті білім алуға көмектеседі. Білім алушы үшін жалпы экономикалық тәсілдер баяндалды, қолданбалы аспектілерді талдау ұсынылды, ұлттық баға белгілеу тәжірибесі жинақталды, прогрессивті әлемдік тәжірибе ескерілді, әлемнің жетекші фирмаларының табысты баға саясаты ашылды. Тауар желілеріне баға белгілеу, пакеттік баға белгілеу, уақыт факторын ескере отырып баға белгілеу, электрондық сауда жағдайындағы баға белгілеу мәселелері және баға белгілеу мен бизнесті бағалау арасындағы мүлдем жаңа мәселе қаралды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. оқытылатын саладағы озық білімге негізделген оқытылатын саладағы білім мен түсінушілікті көрсету: баға белгілеудің негізгі ұғымдарын білу; 2. білім мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және зерделенетін саладағы мәселелерді шешу: экономикалық даму логикасы туралы өзінің негізделген түсінігін әзірлеу; 3. әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру: баға белгілеумен тікелей байланысты басқа пәндер бойынша білімді қолдана білу; 4. оқытылатын саладағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 5. оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: баға белгілеу саласындағы нормативтік-заңнамалық базамен жұмыс істей білу, эмпирикалық және статистикалық деректерді жинау, талдау және өңдеу дағдылары болуы керек; 6. ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану; 7. зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; 8. курстық, рефераттық жұмыстарды, баяндамаларды, эсселерді, тәжірибе бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің мәнін түсіну.

БП	BZh 3227	Бизнес-жобалау	6	5	Экономикалық теория, Микроэкономика және макроэкономика, экономика және кәсіпкерлік негіздері .	Экономика және инновацияларды басқару, өндірістік Сала экономикасы, өнеркәсіптік кешен экономикасы, жалақы және персоналды басқару	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдерінің мазмұнын, есептілік нысандарын және бизнес-жобаның инвестициялық тартымдылығын бағалау көрсеткіштерін; кәсіпорынның шаруашылық қызметінде бизнес-жоспарды құру, талдау және қолданбалы пайдалану әдістемесін; кәсіпорында бизнес-жоспарлауды ұйымдастыру процесін және оның іске асырылуын бақылауды; бизнес-жоспарлау әдістемесін және оларды тиімді іске асыру тәсілдерін жетілдірудің мүмкіндіктері мен бағыттарын қарайды.</p>			<p>1) осы саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету: бизнесті жоспарлаудың әдіснамалық негіздерін білу және түсіну; бизнес-жоспарлаудың негізгі әдістері мен технологиясы; компанияларды басқарудағы бизнес-жоспардың орны мен рөлі; бизнесті басқаруда қолданылатын бизнес-жоспарлардың әртүрлі түрлерін құрудың әдістемелік ерекшеліктері; теориялық, әдіснамалық және экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін ұйымдастыру мен жұмыс істеудің құқықтық негіздері; репродуктивті процестерді макроэкономикалық реттеудің халықаралық және отандық тәжірибесі-факторлар, экономикалық өсу</p>				

динамикасы мен құрылымы, антициклді реттеу, Қаржы және ақша/несие саласын тұрақтандыру және т. б.; кәсіпорындағы стратегиялық басқарудың жалпы түсініктері;

2) кәсіптік деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтерді тұжырымдауға және зерттелетін саланың проблемаларын шешуге: қазіргі заманғы бизнес-жоспарлау әдістерін бизнесті басқарудың базалық технологиясы ретінде пайдалана білуге; бизнес-жоспарлардың әртүрлі бөлімдерін құрастыру;

3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға: тиісті кәсіптік, ғылыми проблемалар бойынша пайымдауды қалыптастыруға; өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы;

4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға: байланыс орнатуға, сөйлесуді қолдауға, синхронды қарым-қатынас дағдыларына ие болуға, келісе білуге және өзінің заңды құқықтарын талап ету;

5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: уақытты басқару; мәтіндік және өзге де материалдарды (әсіресе телебағдарламаларды) тиімді пайдалану; телеконференция режимінде жұмыс істей білу; топта, әсіресе оқытушысыз жұмыс істей білу; жазбалар жүргізе білу, жазбаша жұмыстар атқара білу және емтиханға дайындала білу; ауызша сөз сөйлеу дағдыларына ие болу, жария пікірталастар және материалды аналитикалық баяндау, саяси

			<p>пікірталастар, компаға келуге және серіктестікке дайын болу, алған білімдерін пайдалана отырып, серіктестерге әсер ете білу; басқарушылық бизнес-жоспар құру әдістемесін меңгеру.</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды зерттелетін салада қолдану;</p> <p>7) зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;</p> <p>8) курстық, рефераттық жұмыстарды, баяндамаларды, эсселерді, практика бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.</p>				
БП	МВ 3228	Халықаралық бизнес	6	5	Экономикалық теория, Микро-макроэкономика Маркетинг.	Халықаралық интеграция, халықаралық қаржы қатынастары, Халықаралық сауда	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Әлемдік экономиканың жаһандану процесі туралы теориялық білімді зерделейді, жаһандану кезеңіндегі стратегиялық дамудың теориялық және әдіснамалық негіздерін ашады, әлемдік экономика субъектілерін трансформациялау бағытын және қазақстандық фирмалар мен банк құрылымдарының жаһандық өзара іс-қимылдың жаңа шекараларына шығуын зерделейді, Халықаралық маркетинг пен халықаралық менеджменттің теориясы мен практикасы негізінде халықаралық кәсіпкерлік пен ынтымақтастық мәселелерін</p>			<p>1. осы саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінушілікті көрсету: халықаралық бизнестің мәні мен мазмұнын, дамыған индустриалды елдерде орналасқан және жетілген нарықтық экономикасы бар көпұлтты (немесе трансұлттық) корпорациялар жүргізетін іскерлік</p>				

ашады..

операцияларды білу және түсіну;

2. Бизнес дамуының әртүрлі бағыттарын таңдай білу, халықаралық іскерлік операциялардың қандай да бір түрлерін жүзеге асыру туралы шешімдерді адекватты бағалау үшін негіз ретінде пән ережелерін қолдана білу; білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру;

3. Тиісті кәсіби, ғылыми мәселелер бойынша; өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары, халықаралық қызметті басқарудың функционалдық мәселелері туралы пікір қалыптастыру, эмпирикалық және статистикалық деректерді жинау, талдау және өңдей білу; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4. Халықаралық бизнес саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану, халықаралық нарықтағы негізгі үрдістерді анықтай білу, қазіргі әлемдік шаруашылықтағы бизнестің негізгі үрдістері, халықаралық нарықтардағы фирмалардың жұмыс істеу ерекшеліктері;

5. Уақытты басқара білу; топта жұмыс істей білу, жазба жазу, көпшілік алдында сөз сөйлеу, жазбаша жұмыстарды орындауды және емтихандарға дайындалуды; кәсіби қарым-қатынастың стандартты емес мәселелі жағдайларында тез әрекет ете білу, халықаралық экономика және халықаралық менеджмент саласындағы ғылыми, арнайы және мерзімді әдебиеттермен жұмыс істей білу, презентацияларды дайындай алу; зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру;

			<p>6. ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу және оларды қолдану: халықаралық бизнес саласында, шетелдік нарықтарда жұмыс істейтін фирмаларға әсер ететін факторлардың жиынтығын бағалай білу, еларалық экономикалық өзара әрекеттесудің тұрақты өзгеретін жағдайларын талдау, сыртқы нарықтардың жағдайын талдау, нарықтық мінез-құлықтың әртүрлі стратегияларын талдау, сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің халықаралық нарықтарға шығу кезіндегі кәсіпорындардың жағдайына әсерін бағалау, халықаралық корпорациялардың нақты нұсқалары мен әрекеттерін талдау және бағалау;</p> <p>7. фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану: халықаралық бизнес саласында шешімдер қабылдау, іскерлік келіссөздерді білікті жүргізу, шетелдік үкіметтер, қоғамдық пікір және бизнес бойынша серіктестер алдында өз компаниясының қолайлы имиджін қалыптастыру, ұйымдастырушылық даму бағдарламаларын әзірлеу және халықаралық компаниялардағы өзгерістер мақсатында;</p> <p>8. академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну: курстық, рефераттық жұмыстарды, баяндамаларды, эсселерді, тәжірибе бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде ойлау мәдениетіне ие болу, ақпаратты қорыта және талдай білу.</p>				
БП	КІК 3229	Кәсіпорынның инвестициялық қызметі	5	6	Микро-макрэкономика	Салалық нарықтарды талдау,	Емтихан
					Халықаралық	Бизнесті	

					экономи ка	бағалау, Эконом ика және инновац ияларды басқару	
Пәннің қысқаша сипаттамасы				Күтілетін нәтижелер			
<p>Білім алушыларда инвестициялық қызметтің теориялық білімін және практикалық ұйымдастырылуын қалыптастырады, инвестициялық қызметті басқарудың түрлі инвестициялық объектілеріне ақша қаражатын салуды оңтайландыруды қарайды.</p>				<p>1. осы саланың озық білімдеріне негізделген зерттелетін саладағы білімдер мен түсініктерді көрсету: инвестициялар мен инвестициялық қызметтің әртүрлі санаттарының экономикалық мәні мен мазмұнын, инвестициялық шығындарды қаржыландыру және несиелендіру негіздерін білу және түсіну, кәсіпорындардың инвестициялық қызметі перспективаларының өзгерістерін болжай білу және олардың даму тенденциялары негізінде инвестициялардың жандануын талдау, инвестициялық процестің әлсіз жақтарын анықтай білу және оларды жою үшін қажетті шараларды анықтау;</p> <p>2. білімдер мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және зерделенетін саланың проблемаларын шешу: инвестициялар және инвестициялық қызмет бойынша заңнамалық және нормативтік актілерді қолдану, алынған білімдерді практикалық қызметте пайдалану, инвестициялық жобаларды әзірлеу, олардың экономикалық негіздемесін жүргізу, инвестициялық жобаларды әртүрлі өлшемдер (бюджет, нормативтік, экономикалық және т. б.) бойынша бағалау, кәсіпорындағы инвестициялық қызметті негіздеу бойынша жұмысты ұйымдастыру, инвестициялық шешімдер қабылдау, инвестициялық жобаларды, кәсіпорынның нарықтық құнының өсуіне бағытталған;</p>			

3. әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға: өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы кәсіби және ғылыми проблемалар бойынша пайымдауларды қалыптастыруға, деректерді жинай, талдай және өңдей білуге тиіс;

4. инвестициялардың қоғамдық, коммерциялық және бюджеттік тиімділігін есептеу тәсілдері мен әдістерін пайдалану кезінде, кәсіпорынның инвестициялық қызметінің орындылығын негіздеуде басқарушылық шешімдерді негіздеу және таңдау кезінде инвестициялық қызмет саласындағы оқу-практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

5. зерделенетін салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: мәтіндік және өзге де материалдарды тиімді пайдалану, топта жұмыс істей білу, жазбаша жұмыстарды орындау және емтихандарға дайындалу, ауызша сөйлеу, материалды жария талқылау және талдамалық баяндау, нақты және қаржылық инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістерін меңгеру;

6. ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды кәсіпорынның инвестициялық қызметі саласында қолдану;

7. фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді: инвестициялық салымдардың ықтимал нұсқаларын, инвестициялық бастамаларды әзірлеу әдістерін зерделеу кезінде және кәсіпорындағы немесе ұйымдағы инвестициялық қызметтің нақты стратегиясын таңдау кезінде кәсіпорынның

			инвестициялық қызметі саласында білу мен түсінуді қолдануға құқылы; 8. академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің мәнін түсінуге, орындалатын жұмыстардың барлық түрлерін орындау кезінде оларды сақтауға міндетті.				
БП	АКЕ 3230	Агроөнеркәсіптік кешен экономикасы	5	6	Микро-макроэкономика, Экономикалық теория	Салалық нарықта рды талдау, Бизнесті бағалау, экономика және инновацияларды басқару	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Пән ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, өңдеуге және таратуға байланысты экономикалық процестерді зерттейді. Бұдан басқа, ол агроөнеркәсіптік кешеннің экономиканың басқа секторларымен өзара іс-қимылын, ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық саудасын, ауыл шаруашылығындағы орнықты даму және экологиялық қауіпсіздік проблемаларын зерттеуді қамтиды</p>			<p>1) агроөнеркәсіптік кешен экономикасы саласындағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету: ұйымдардың негіздерін білу және түсіну, ауыл шаруашылығы қызметін жоспарлау және басқару;</p> <p>2) кәсіптік деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, агроөнеркәсіптік кешен экономикасы саласындағы аргументтер тұжырымдауға және проблемаларды шешуге: ауыл шаруашылығы құрылымдарының шаруашылық және ұйымдық-басқару қызметі туралы пайымдауларды қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы субъектісінің қызметін ұйымдастыру, басқару және жоспарлау мәселелерін шешу;</p> <p>3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді</p>				

жүзеге асыру;

4) агроөнеркәсіптік кешен экономикасы саласындағы оқу-практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға: Жер ресурстарын, жылжымайтын мүлікті, ауыл шаруашылығын басқару, кәсіби қызметте кадастрлық және жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру қағидаттары туралы білімді пайдалануға;

5) агроөнеркәсіптік кешен экономикасында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: геодезиялық, жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстарды, дәл егіншілікті жүргізу процестерін басқару және ұйымдастыру дағдылары, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау, іздестіру, зерттеу және жобалау жұмыстарын орындау мәселелерін шешу кезінде жер заңнамасын қолдану;

6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды агроөнеркәсіптік кешен экономикасы саласында қолдану;

7) Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін және өндірістің рентабельділігін, Еңбек және жер ресурстарын пайдалану тиімділігін, негізгі, айналым қорлары мен күрделі салымдарды, жерді экономикалық бағалауды, Ауыл шаруашылығы экономикасын тұрақтандыру шарттарын, талаптары мен бағыттарын айқындау кезінде агроөнеркәсіптік кешен экономикасы саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білуі мен түсінуін қолдануға міндетті. қазіргі заманғы жағдайлар, басқару теориясы мен практикасының негіздері, басқару функциялары, маркетингтің негізгі бағыттары, өнімді сату стратегиялары, өнім бағасын белгілеу әдістері;

8) курстық, рефераттық жұмыстарды,

			баяндамаларды, эсселерді, практика бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.				
БП	BE 3231	Басқарушылық есеп	5	6	Менеджмент, Экономикадағы Математика, Экономикалық статистика және экономика	Экономика және инновацияларды басқару, Логистика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Теория мен практикада бар шығындарды есепке алу жүйелерімен және олардың әрқайсысы бойынша есепке алуды ұйымдастыру әдістерімен таныстырады, Нұсқаулық Материалды дұрыс қолдануды үйретеді және осыны ескере отырып, кәсіпорын үшін шығындарды есепке алуды және өнімнің өзіндік құнын есептеуді ұйымдастырудың ең тиімді жүйесін таңдайды, бухгалтерлік ақпаратты жинау, бағалау және пайдалану процестері бойынша білімі бар жоғары білікті мамандарды дайындайды. қолдану кәсіпкерлік қызметтегі шешімдер.</p>			<p>1. Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету: шығындарды есепке алу және өзіндік құнды калькуляциялау әдістерін білу; кешенді өндіріс шығындарын бөлу әдістері; қысқа мерзімді сараланған есеп; ұзақ мерзімді сараланған есеп; басқарушылық жоспарлау;</p> <p>2. Білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру: бухгалтерлік басқару есебі саласында заңнамалық нормативтік және анықтамалық әдебиетті қолдану; басқару есебін ұйымдастыру және жүргізу; дұрыс басқару шешімдерін және т. б. қабылдау.</p> <p>3. Тиісті кәсіби, ғылыми мәселелер бойынша; өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы пікір қалыптастыру; әлеуметтік, этикалық және</p>				

ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4. басқару есебі саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

5. Бухгалтерлік басқару есебі бойынша, мамандықтардың біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келетін, атап айтқанда: өндіріске арналған шығындарды есепке алу бойынша; үстеме шығыстарды есепке алу және бөлу бойынша; шығындарды жоспарлау және бақылау, инвестицияларды бағалау бойынша; уақытты басқару дағдыларын меңгеру; мәтіндік және өзге де материалдарды (әсіресе телебағдарламаларды) тиімді пайдалану; телеконференция режи-мінде жұмыс істей білу; топта, әсіресе оқытушысыз жұмыс істей білу; жазба жүргізе білу, жазбаша жұмыстарды орындай білу және емтихандарға дайындалу; алған білімдерін пайдалана отырып ауызша сөйлеу, көпшілік пікірталастар және материалды талдамалы баяндау, саяси пікірталастар, ымыраға және серіктестікке дайын болу, серіктестерге әсер ете білу; басқару бизнес-жоспарын құру әдістемесін меңгеру; зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру;

6. ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу және оларды қолдану: басқарушылық есеп саласында, оның ішінде мемлекеттік және шет тілдерінде, кәсіптік практикадан өту және дипломдық жұмысты (жобаны) жазу кезінде, сондай-ақ есептілікті жасау кезінде этикалық қағидалардың қолданылуын ескере отырып;

7. зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі

			тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; 8. курстық және рефераттық жұмыстарды, тәжірибе бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.				
БП	MZhB 3232	Макроэкономикалық жоспарлау және болжамдау	5	6	Экономикалық статистика және экономикалық трек, Макро-микро экономика	Экономика және инновацияларды басқару, Бизнесі бағалау, кәсіпорындардағы стратеги	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Пән макроэкономикалық жоспарлау және болжау саласындағы мәселелерді қазіргі ұлттық экономиканы басқарудың ерекше функциялары ретінде қарастырады. Макроэкономикалық жоспарлау және болжау саласындағы негізгі проблемаларды және оларды шешудің мүмкін жолдарын, макроэкономикалық жоспарлаудың әдіснамалық тәсілдері мен заманауи әдістерін және болжамдарды, жобаларды, бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеуді болжауды зерттейді..</p>			<p>1) осы саланың: экономиканың дамуын стратегиялық жоспарлау мен болжаудың теориясы мен әдіснамасы; жаңа жағдайларда мемлекеттік жоспарлау мен болжау жүйесін жаңғыртудың эволюциясы туралы озық білімдеріне негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету;</p> <p>2) кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтерді тұжырымдауға және зерттелетін саланың проблемаларын шешуге: мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мен болжаудың әдістері, құралдары мен технологиялары; аумақтық және салалық деңгейлерде Стратегиялық жоспарлау</p>				

мен болжаудың ерекшеліктері;

3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға: стратегиялық жоспарлау және болжау объектісі ретінде ұлттық экономиканың дамуын талдауға; ҚР-да мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мен болжаудың қалыптасып отырған проблемаларын анықтауға; ҚР Мемлекеттік стратегиялық жоспарларын әзірлеудің негізгі кезеңдерін айқындауға, олардың мониторингін жүргізуге, сондай-ақ бағалау мен бақылауды жүргізуге стратегиялық жоспарлар мен болжамдарды іске асыру;

4) мемлекеттік қаржыны, өңірдің және кәсіпорындардың қаржысын жоспарлау және болжау, нәтижеге бағдарланған қаржы саясатының стратегиясын дамыту және стратегияны іске асыруда тактикалық іс-шараларды әзірлеу саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға;

5) оқытылатын салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: жоспарлау және болжау технологиясын меңгеру және мемлекеттік жоспарлау және болжау құралдарын пайдалану, Стратегиялық жоспарлау және болжам жасау құралы ретінде теңгерімді көрсеткіштер жүйесін пайдалану;

6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды зерттелетін салада қолдануға;

7) зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;

8) курстық, рефераттық жұмыстарды,

			баяндамаларды, эсселерді, практика бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.ық қағидаттары мен мәдениетінің мәнін түсіну.				
БП	ВЕЕС 3233	Бухгалтерлік есеп пен есептілікті цифрландыру	6	6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы Математика	Салалық нарықтарды талдау	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>"ІС: кәсіпорын" жұмыс істеуінің базалық қағидаттарын білуді қалыптастырады, кәсіпорынның жұмыс істеу параметрлеріне бағдарламаны баптау тәртібін, бағдарламаның сервистік мүмкіндіктерін, басқарудың қазіргі заманғы талаптарына қатысты негізгі әдіснамалық тәсілдерді; "ІС: Кәсіпорын" жүйесінің негізгі элементтерімен жұмыс істеудің бастапқы практикалық дағдыларын зерделейді. Ол студенттерге бухгалтерлік есеп пен есептіліктің тиімділігін, дәлдігі мен ашықтығын арттыру үшін цифрлық құралдар мен платформаларды тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдыларды беруге бағытталған.</p>			<p>1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын ескере отырып, ақпараттық және библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешуге, цифрлық технологиялар мен құралдардың есепке алу және есеп беру процестеріне қалай әсер ететіні туралы толық түсінікке ие болуға, сондай-ақ цифрландыруға байланысты әлеуетті артықшылықтар мен сын-тегеуріндерді түсінуі.</p> <p>2) практикалық қызметте электрондық төлем жүйелерінің жұмыс істеуі және есеп айырысу ерекшеліктері туралы білімді пайдалануға, төлем жүйелерінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу үшін қажетті деректерді талдауға, банктердің инновациялық технологияларын қолдануға, бухгалтерлік есепте қолданылатын әртүрлі цифрлық</p>				

			<p>шешімдер мен технологияларды сыни бағалауға және нақты ұйымдар үшін неғұрлым қолайлы технологияларды таңдау.</p> <p>3) есепті кезеңдегі шаруашылық қызметтің нәтижелерін бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетуге, бухгалтерлік және статистикалық есептілік нысандарын, салық декларацияларын жасауға құқылы.</p> <p>4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асырі;</p> <p>5) шығындарды басқаруда оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;</p> <p>6) кәсіби практикадан өту және диплом жұмысын (жобасын) жазу кезінде, сондай-ақ есептілікті жасау кезінде этикалық қағидаттарды қолдануды ескере отырып, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды бухгалтерлік есеп саласында, оның ішінде мемлекеттік және шет тілдерінде қолдану;</p> <p>7) кәсіпорындарда компьютерлік технологиялармен қамтамасыз ету саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу және түсіну;</p> <p>8) курстық және рефераттық жұмыстарды, практика бойынша есептерді, мақалалар мен зерттеулерді дайындау және жазу кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.</p>				
БП	ZhPB 3234	Жалақы және персоналды басқару	6	6	Қаржы, Эконом икадағы Математ	Салалық нарықта рды талдау,к	Емтихан

					ика, Менедж мент	әсіпкерл іктегі тәуекелд ер қабылда ушы қайратке р- жаңалық тар	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Ұйымдар ішінде адам ресурстарын басқару қағидаттары мен практикасын қалыптастырады. Курстың мақсаты-білім алушыларға персоналды және еңбекақы төлеу жүйелерін тиімді басқару және осы жүйелердің ұйымның тиімділігі мен қызметкерлердің әл-ауқатына әсерін түсіну үшін қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз ету.</p>			<p>1) осы саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету: әртүрлі жалақы жүйелерін таңдау мен қолдануға әсер ететін артықшылықтарды, шектеулерді және факторларды білу.;</p> <p>2) кәсіптік деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтер тұжырымдауға және зерттелетін саланың проблемаларын шешуге: ұйымдағы қолданыстағы жалақы жүйелері мен саясаттарына талдау және бағалау жүргізуге, сондай-ақ бизнес-стратегияны, нарықтық трендтер мен персоналдың қажеттіліктерін ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйелерін әзірлеуге және жоспарлау.</p> <p>3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін: персоналды және еңбекақы төлеу жүйелерін тиімді басқару үшін, сондай-ақ осы жүйелердің ұйымның тиімділігіне және қызметкерлердің әл-ауқатына әсерін түсіну үшін қажетті ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру.</p> <p>4) жалақыны есептеу кезінде оқу-практикалық</p>				

	<p>және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;</p> <p>5) оқытылатын салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: қызметкерлерді тарту, оқыту және бағалау процестерін қоса алғанда, персоналды басқару саласындағы дағдылар;</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды жалақы есептеу кезінде қолдану;</p> <p>7) еңбекақы төлеу жүйесінде персоналды басқару кезінде фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу және түсіну;</p> <p>8) еңбекақы төлеу қорын есептеу кезінде персоналды басқарудағы Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.</p>
--	---

**КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ (КП)
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)**

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререк визиттері	Пострек визиттері	Бақылау нысаны
КП	КЕ 3301	Кәсіпорын экономикасы	5	5	Экономик алық теория, Мик ро-макро-экономика	Эконом икалық талдау, бизнесті жоспарлау, талдау салалық нарықта р,	Емтихан, кұрстық жұмыс

						Кәсіпорынның инвестициялық қызметі кәсіпорындар, өнеркәсіп кешенінің экономикасы, елдер кәсіпорындағы техникалық басқару қабылдау, Логистика	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Бұл тәуелсіз экономикалық пән, оның зерттеу пәні кәсіпорынның қызметі, экономикалық шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесі болып табылады. Кәсіпорын экономикасы зерттеу әдістерін кеңінен қолданады: статистикалық бақылау және салыстырмалы талдау әдістері, Математикалық модельдер, графикалық бейнелеу әдістері. Экономикалық заңдарды білместен, нақты экономикалық білімнің, дағдылардың, оларды іс жүзінде қолдана білместен сауатты экономикалық шешімдерді әзірлеу мүмкін емес.</p>			<p>1) Экономика саласындағы озық білімге негізделген экономикалық процестер туралы білім мен түсінікті көрсету;</p> <p>2) білім мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдер тұжырымдау және әртүрлі экономикалық мәселелерді шешу;</p> <p>3) экономикалық өсу туралы Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға міндетті;</p>				

	<p>4) экономика және экономикалық талдау саласындағы оқу-практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға;</p> <p>5) Экономикалық теориямен сабақтас пәндер бойынша одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды экономикалық міндеттерді шешуде қолдануға;</p> <p>7) фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі экономикалық тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;</p> <p>8) Экономикалық теория бойынша сынақ пен емтихан тапсыру кезінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.</p>
--	---

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	KSB 3306	Кәсіпорындағы стратегиялық басқару	5	6	Микро-м Макроэкономика Менеджмент.	Экономика және инновацияларды басқару, Экономикалық талдау лиз, Логистика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				

Стратегиялық басқару процесін, бизнесті орналастыру мәселелерін, сценарийлік жоспарлау қажеттілігін қарастырады, басқару шешімдерінің көрсеткіштерін зерттейді; кәсіпорында стратегиялық басқару кезінде туындайтын мәселелерді және оларды шешу жолдарын зерттейді.

1. осы саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінушілікті көрсету: стратегиялық басқарудың теориялық тұжырымдамаларын, өзгертін орта жағдайындағы кәсіпорынды стратегиялық басқарудың әдіснамалық негіздерін, стратегиялық ортаны диагностикалау әдістемесін, компания стратегиясын қалыптастыру әдістемесін және оны жүзеге асыру алгоритмін, кәсіпорынның ғылыми-техникалық және өндірістік-өткізу әлеуетін жұмылдыру әдістерін және кәсіпорынды басқарудың тиімді тетігін құруды білу және түсіну, сонымен қатар стратегиялық басқарудың негізгі терминдері мен ұғымдарын ажырата білу;

2. білім мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу: бизнесті дамытудың нысаналы бағдарларын қалыптастыру; сыртқы ортаның өзгерістерін ескере отырып, кәсіпорынның даму сценарийлерін модельдеу; стратегиялық жоспарларды жасау кезінде болжаудың және оңтайландырудың ғылыми тәсілдерін, жүйелі талдау әдістерін практикада қолдану; стратегиялық басқарудың әдіснамасы мен құралдары негізінде бизнестің даму үрдістерін болжау және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында басқарушылық шешімдер қабылдау; стратегиялық талдау жүргізу әдіснамасын, кәсіпорынның нарықтағы стратегиялық позициясын диагностикалау әдістерін, нақты басқару объектілері үшін стратегия әзірлеудің практикалық дағдыларын және стратегиялық ұйымдастырушылық өзгерістерді басқару әдістемесін меңгеру;

3. әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру: өзінің кәсіби

			<p>қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы кәсіби және ғылыми проблемалар бойынша пайымдаулар қалыптастыру, деректерді жинай, талдай және өңдей білу;</p> <p>4. оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану: кәсіпорынның сыртқы ортасын және кәсіпорындардың ерекшеліктерін (күшті және әлсіз жақтарын) талдау негізінде кәсіпорында туындайтын мүмкіндіктерді анықтау және қауіп-қатерлерді бағалау үшін стратегиялық басқару саласында;</p> <p>5. оқып жатқан салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: уақытты басқара білу, топта жұмыс істеу, жазбалар жүргізу, аудитория алдында сөйлеу, жазбаша жұмыстарды орындау және емтиханға дайындалу, кәсіби қарым-қатынастың стандартты емес проблемалық жағдайларында тез әрекет ете білу, әдебиетпен жұмыс істеу;</p> <p>6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану;</p> <p>7) фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану: стратегиялардың ықтимал нұсқаларын, стратегиялық баламаларды әзірлеу әдістерін зерделеу және кәсіпорынның немесе ұйымның нақты стратегиясын таңдау кезінде стратегиялық басқару саласында;</p> <p>8) академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің мәнін түсінуге, оларды барлық жұмыс түрлерін орындау кезінде сақтауға міндетті.</p>					
КП	SMZh 3307	Сапа менеджменті жүйесі	5	6	Экономикалық	Дипломдық	Емтихан	

					теория, Менедж мент	жұмыс жазу	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
<p>Пән заманауи ұйымдарды басқаруды ақпараттық - аналитикалық және әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы сапа менеджменті жүйесін дамытудың қазіргі жағдайы туралы тұтас көрініс пен жүйелі түсінік қалыптастырады. Сапа менеджменті жүйесі сапаны жоспарлауға, басқаруға және қамтамасыз етуге қатысты міндеттерді орындауға бағытталған әдістемені, процестерді, ресурстарды қарастырады.</p>			<p>1) осы саланың озық білімдеріне негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету: өнім сапасын басқаруды білу және түсіну, сапа мен оны басқарудың мәні туралы түсінікке ие болу, нарықтың өнім сапасының деңгейін қалыптастыруға, қамтамасыз етуге және қолдауға қойылатын талаптарын ескере отырып, қазіргі заманғы тәсілдің ерекшеліктерін түсіну, Сапа менеджментінің негізгі жүйелерін, әдістері мен құралдарын білу, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасы ұғымдарының өзара байланысы, бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету көздері, өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі сапаны басқару функциялары және олардың өзара тәуелділігін анықтау, сапаны әмбебап басқару жүйесін және сапа негізінде кәсіпорынның ұйымдық құрылымын құру ерекшеліктерін білу, стандарттардың түрлерін білу және кәсіпорында стандарттау жүйелеріне талдау жасай білу;</p> <p>2) кәсіптік деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтер тұжырымдауға және зерттелетін саланың проблемаларын шешуге: кәсіптік деңгейде білім мен түсініктерді қолдануға, аргументтер тұжырымдауға және зерттелетін саланың проблемаларын шешуге: өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде сапа функцияларын кешенді үйлестіру және оларды іске асырудың тиімділігін бағалау бойынша басқару шешімдерін талдау, болжау, оңтайландыру әдістерін қолдануға, сапаны бақылаудың статистикалық әдістерін тәжірибеде қолдану (бақылау парақтары, бақылау карталары, Парето диаграммасы,</p>				

гистограммалар, Исикава диаграммасы); САПАНЫҢ ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін білу; өнімнің сапа деңгейін бағалау және бақылау, сапа шығындарын анықтау және өнім сапасын арттырудың экономикалық тиімділігін есептеу әдістерін тәжірибеде қолдана білу; кәсіпорында сапа менеджменті жүйелерінің жұмыс істеуінің практикалық жақтарын талдай білу;

3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға: өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы кәсіби және ғылыми проблемалар бойынша пайымдауларды қалыптастыруға, эмпирикалық және статистикалық деректерді жинай, талдай және өңдей білу;

4) сапа менеджменті жүйесі саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға: ұйымдағы процестерді сипаттай және құжаттай білуге (Құжаттамалық рәсімдерді, ережелерді, сапа стандарттарын, сапа жөніндегі нұсқаулықты құрастыра білуге); жүйенің, процестердің және жұмыс орнының сапасына аудит жүргізе білуге; сапа менеджменті жүйесі туралы есепті ақпаратты құрылымдай білуге; сапа жүйесінің жұмыс істеуі; сауалнама жүргізу, тұтынушыларға сауалнама жүргізу және қанағаттанушылыққа талдау жүргізу әдістерін тәжірибеде қолдана білу;;

